



Талғат ТЕМЕНОВ:
ЕЛДЕН КЕТУ
ЕТЕК АЛЫП БАРАДЫ

7-бет



ПЕЛЕМЕН
ОЙНАҒАН
«ПЕРІ»...

14-бет



ФЕНОМЕН
СТЕПНОГО
ЛЕЧЕНИЯ

13-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№43 (861), 4 қараша, 2019 жыл

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН ҚАЛАЙ САУЫҚТЫРАМЫЗ?



Ашығын айтсақ, бұл жаза-жаза әбден жауыр болған тақырып. Бірақ, бұған қайта-қайта оралмаса тағы да болмайды, маңызды саланы меңдеген «сырқат» соған мәжбүрлейді. Мыңдаған адамдар дұрыс емделуге мүмкіндігі болмай, жарық дүниемен қоштасып жатыр. Оның себептерін сарапшылар мен мамандар жылдар бойы айтып та, көрсетіп те келеді. Сала басшысын ауыстыру керек, бюджеттен көбірек қаржы бөліп, дәрігерлердің жалақысын көтеру қажет деген ұсыныстар жиі айтылады. «Біздегі осы саланы қаржыландыру көлемі артта қалған Африка елдерінен аса қойған жоқ» - деп сымсыз салыстырулар арқылы ауыр сын айтқандар да бар.

3
бет

ОЙШЫЛ

Қазақ халқы дарқан дарындарға кенде емес. Солардың бірі, бірі емес-ау, бірегейі – жиырмасыншы ғасырдың соңы мен жиырма бірінші ғасырдың басында өмір сүрген заңғар жазушы Әбіш Кекілбаев. Ұлы даланың алыс түкпіріндегі бір аулында өмірге келген жас талапкер әдебиеттегі алғашқы адымын өлең жазудан, жаңадан шығып жатқан шығармаларға пікір білдіруден бастап, өз дәуірінің ұлы жазушысына айналды.

8-9
бет

Абзал ҚҰСПАН:

ИСЛАМ ӘЫШЕВ АҚТАЛДЫ!

СОТ АҚТАР-АҚТАМАС, ҚОҒАМ
АЛДЫНДА АҚ ЕКЕНІН ДӘЛЕЛДЕДІ

5
бет

САЛАФИЗМ РАСПРОСТРАНИЛСЯ В КАЗАХСТАНЕ ЧЕРЕЗ ИМАМОВ?

В последнее время произошли события, которые в известной мере подорвали основу религиозного радикализма, экстремизма, «романтизма», показали и раскрыли во всей «красе» современный «всемирный халифат». Это поражение Исламского государства Ирака и Леванта (ИГИЛ), провозглашенного в 2014 году как всемирный халифат с шариатской формой правления. После поражения ИГИЛ начался возврат казахстанцев из Сирии.



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮШІНШІ КЕЗЕККЕ АУЫСТЫРУ НЕ СҰМДЫҚ?

Тәуелсіздіктің отыз жылдайын тарих еншісіне бердік. Енді саяси-әлеуметтік өмірдің жаңа кезеңіне аяқ басайық деп отырмыз. Мен бұл арада өзімнің рухыма жақын екі мәселені айтқым келіп отыр. Ол ел Президентінің мына бағыттағы тапсырмалары.

6
бет

10
бет

БАРЛЫҚ ШЕШІМДЕРДЕ ХАЛЫҚТЫҢ ПІКІРІ ЕСКЕРІЛУІ КЕРЕК

Алматыға іссапармен келген ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мегаполисті дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Мемлекет басшысы инвестиция тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу, инфрақұрылымды дамыту, шағын және орта бизнестің өркендеуіне жағдай жасау, сондай-ақ экологияны қорғау әкімдердің жұмысындағы негізгі көрсеткіш екенін баса айтты.

Мемлекет басшысы қаланың индустриялық аймағында 33 компания тіркелгенін және 156 миллиард теңгеден астам инвестиция салынғанын мысалға келтірді. Сонымен қатар Президент аталған аймақ құрылған 7 жыл ішінде небары 6 жаңа кәсіпорын іске қосылғанын, биыл тек 1 шағын зауыт қана жұмыс істей бастағанына назар аударды. Жұмыссыздық проблемасын, медициналық қызмет көрсету ісін жақсарту қажеттігін, сондай-ақ, жалпы білім беретін мектептер мен балабақшалардағы орын тапшылығын ерекше атап көрсетті.

Кеңес барысында Қасым-Жомарт Тоқаев қаланың эко-



логиялық ахуалы мен ауаның сапасына баса мән берді. Ол қоғамдық көліктерді газға және басқа да жанармайдың экологиялық түрлеріне көшіру ісін аяқтауды, қаланың жеке секторларын және қала маңы аймағын газдандыруды жүзеге асыруды, ағаштарды, алма бақтарын зансыз отау мәселесіне бақылау орнатуды, сондай-ақ, қаланы көгалдандыру және Алматы апортын қайта қалпына келтіру жұмыстарын қалдандыруды тапсырды. Президент өз сөзінде Көкжайлау тау шаңғысы курортын салу мәселесін де көтерді. «Бұл мәселеге қайта-

қайта оралмау үшін осы жобамен айналысуға тыйым саламын. Оның үстіне барлық кәсіби экологтар да оған қарсы шығуда» — деген Мемлекет басшысы барлық шешімдер халықтың пікірін ескере отырып қабылдануы қажет екеніне баса назар аударды. Сөйтіп көптен бері «көкпарға» айналған «Көкжайлау» тау-шаңғы кешені құрылысына қатысты дау-дамайға соңғы нүкте қойылғанын сияқты. Қала тұрғындарының қауышына орай, табиғаты тамылжыған «Көкжайлау» тойымсыздардың ажал тырнағына ілінбей, бұл жолы аман қалды.

«АБАЙ» ЖӘНЕ «ӘЛ-ФАРАБИ» МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ

2020 жылы алғаш рет «Абай» және «Әл-Фараби» мемлекеттік сыйлықтары табыс етіледі. Бұл туралы Абайдың 175 және Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойларын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік бірлескен комиссия отырысында белгілі болды.

Комиссия отырысында жазушы Роллан Сейсенбаев «Абай» және «Әл-Фараби» мемлекеттік сыйлықтарын тағайындауды ұсынған еді. «Абай жылы болғандықтан «Абай» сыйлығын беру керек. Ол үлкен, мықты сыйлық болсын. Ғалымдарға «Әл-Фараби» сыйлығын беру қажет. Бұл Абай мен Әл-Фарабига түкте қажет емес. Ол бізге керек», — деді жазушы. Осы орайда, отырысқа төрағалық етіп отырған ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев Мемлекет басшысының тарапынан бұл бағытта арнайы тапсырманың болғанын айтты. «Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бізге



келесі жылы міндетті түрде «Абай» атындағы және «Әл-Фараби» атындағы мемлекеттік сыйлықтар тапсыру туралы тапсырма берді. Сіздің ойлаған ойыңызды Президент бізге нақты тапсырма ретінде берген. Сондықтан, бұл мәселе өзі шешімін тауып отыр», — деді Қ.Көшербаев.

ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК ЕРІ» АТАНДЫ

Мемлекет басшысы халық жазушысы Әбдіжәмил Нұрпейісовті қабылдап, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағының «Алтын жұлдыз» айрықша ерекшелік белгісін табыстады.



Қазақстан Президенті көрнекті жазушының ұлттық әдебиетіміздің өлемдік деңгейге көтерілуіне қосқан елеулі үлесіне тоқталып, қазақ әдебиетінің абызын 95 жылдық мерейтойы қарсаңында еліміздегі жоғары наградамен марапаттағанын атап өтті.

— Сіз халқымызға керексіз. Сондықтан сізге зор денсаулық,

ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс, бақ-береке тілеймін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Әбдіжәмил Нұрпейісов Мемлекет басшысына алғыс айтып, Тәуелсіз Қазақстанды өркендету жолындағы жұмысына табыс тіледі.

ҚАРЖЫ ЖЫМҚЫРУ ЖАЛҒАСУДА

Бас прокуратура алқасының кезекті отырысында мемлекеттік бағдарламаларға бөлінген қаржы жымқырылған қылмыстық істерді тергеу, тұрғындарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Құзырлы орын өкілдері араны ашылған шенеуніктер мен кәсіпкерлер қаржы жымқыруын әлі де тоқтатпағанын ашық айтты. Бас прокурор құқық қорғау органдарының басшыларының халықтың ақшасын жымқырудың алдын алу үшін қатаң шара қолдануға шақырды. 2017 жылдан бері құқық қорғау органдары терең 6 мыңға жуық қылмыстық істің фигуранттары 66 млрд. теңгені қолды қылған. Сол қылмыстық істердің қазірге дейін 2 685-і сотқа жіберілген.

Отырыста тұрғындарды тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жағы да сөз болды. Прокурорлардың айтуынша, Үкімет Денсаулық сақтау министрлігінде жүргізілген тексеріс кезінде анықталған құқық бұзушылықтар бойынша ұсынысты қараған. Прокуратураның актілері бойынша 48 тауылымды тұлға жауапқа қаратылып, үшеуі қызметінен кеткен. Алқа отырысына шақырылған денсаулық министрі Елжан Біртанов ахуалды жақсарту үшін



қолданылатын шаралардың жол картасы әзірленіп жатқанын жеткізді. Отырыста министрлікке шетелдердің денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру тәжірибесін үйрену ұсынылып, дәрі-дәрмек бағасын белгілеуді ашық ету, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу қажеттігі айтылды.

БУРАБАЙДАҒЫ БАҒА БАС АЙНАЛДЫРАДЫ

Бурабайда демалу Түркиядан неге қымбат? Көптің көкейіндегі бұл сұраққа ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықбаев жауап берді.

«Шынында да, мұндай мәселе бар. Өкінішке қарай, қысқы туризм біздің Шучье-Бурабай демалыс орнында жоғары деңгейде дамымаған. Бүкіл қыс бойғы шығындардың бәрін біз жылдың жазғы екі айында жауып үлгеруіміз керек», — деді Ермек Маржықбаев. Аймақ басшысының айтуынша, өңір студенттері туристік тәжірибе алу үшін шетелде оқып жатыр. Қазіргі уақытта жыл бойы 4-маусымда 20 шақты ірі шара өткізу жоспарланған. Мәселен, қазан айында «Суретшілер слетін» өткізіпті.

Әкім негізгі сұрақтан ауытқып кеткенге ұқсайды. Жылына 20 емес, 100 шара өткізсе де бас айналдырар қымбат баға тұрғанда оған ешкім қатыспайды. Сондықтан демалыс орындарын қарапайым көпшілікке қолжетімді етіп, жергілікті кәсіпкерлердің тәбетін тиіген дұрыс шығар.

БАС ПРОКУРАТУРА ШЕШІМІНЕ НАРАЗЫЛЫҚ ТАНЫТТЫ

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Бас прокуратураның Алматы облысы әкімінің орынбасары Бағдат Манзоровқа қатысты қылмыстық істі жабу шешіміне наразылық танытты. Бұл туралы аталған агенттіктің 1-департаментінің басшысы Қанат Сүлейменов мәлімдеді.

«Фактілерге сүйенуіміз керек. Бізге агенттікке екі азаматымыз жүгінді. Олардың шағымдарын сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіліміне тіркеп, тергеуді бастадық. Бұл бірінші факті. Екінші факті, қылмыстық істі тергеу барысында Бас прокуратура талап етті және қылмыс ізінің болмағаны үшін топтатты. Қазіргі уақытта бұл шешімнен келіспейтіндігімізді және оған қарсылық білдірдік. Қазір ол Бас прокурордың қарауында жатыр, — деді ол агенттіктің алқа мәжілісі барысында БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында. Осы орайда ол тергеудің мән-жайы құпия екендігін, оны прокуратура органдарының келісімімен ғана жариялауға болатындығын айтты. Сонымен қатар, департамент басшысы Бас прокурор тарапынан агенттікке заңдылықты бұзуға жол берген қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыным түскендігін растады. Бұл істі әрі-бері тартқан қос құқық қорғау орындары ісіндегі текетірес немен аяқталары белгісіз.

БИЗНЕСКЕ ГРАНТТАР БЕРІЛДІ

Елорданың 63 кәсіпкері «Бизнестің жол картасы -2020» бағдарламасы шеңберінде өз бизнес-идеяларын жүзеге асыруға гранттар алды.

Қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының мәліметіне сәйкес, өткен жылмен салыстырғанда бизнес-жобалар 2,6 есеге өскен. 2018 жылы грант 24 кәсіпкерге берілсе, биыл олардың саны 63-ке жетті. «Гранттар өз ісін жаңадан бастап жатқан 29 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлерге, 50 жастан асқан

әйелдер, мүгедектерге берілді. Мемлекеттік қолдауға ие болған кәсіпкерлер негізінен тауар өндіру, бизнес, киім, тіпу, ақпараттық технологиялар, таспа ісі, ғылым, сәулет және қызмет көрсету саласында жұмыс істейтіндер», — деді әкімдіктен. Айта кетейік, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға республикалық бюджеттен — 128 млн. теңге, сондай-ақ Жастар жылына орай «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы бойынша (29 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлерді қолдауға) қосымша 75 млн. теңге бөлінді.

ҚОҚЫС ТА ҚАЛТАНЫ ҚАҒАДЫ

Қоқыс тарифін көтермеген жағдайда елімізде тұрмыстық қатты қалдықтар мәселесі шешілмейді. Бұл туралы «Қазақстанның қалдықтарды қайта өңдеу стратегиясы» тақырыбында өткен Франция Палатасының форумында Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Ахметжан Пірімқұлов мәлімдеді.

Оның айтуынша, ТМД-дағы ең төмен тарифтер біздің елде. Алматы қаласы ғана қоқыс шығару тарифін 549 теңгеге көтерді. Астанада бұл 246 теңге. Алматы қаласындағы тарифте қоқыс шығарумен қатар қайта

өңдеу тарифі бар. Қоқыс тарифін көтермеген жағдайда елімізде тұрмыстық қатты қалдықтар мәселесі шешілмейді.

Біз шетелге еліктеу «ауруынан» артыла алмай қойдық. Жанармай, электр қуаты тағы басқа қызметтерді көтергенде осыны сылтауратады. Біздің үкімет халықтың қалтасын қағу жағын ғана қарастырып дағдыланған. Әрбір тауардың, әрбір қызметтің нақты өзіндік құны болуы керек. Тұрғындардан алынған тұрмыстық қоқысты өндегенде қаншама пайда табуға болады, ол жағы неге ескерілмейді. Тұрғындар өз кезегінде сол үшін кәсіпкерлерден ақы талап етуге құқылы емес пе?

Адам баласы үшін өмірден қымбат ештеңе жоқ. «Денсаулық – зор байлық» деп босқа айтылмаған, оның қасында миллиардаған ақша мен тонналар алтын да түкке тұрмайды. Өмір сүру үшін денсаулық керек, бұл дәлелдеуді қажет етпейтін табиғи заңдылық. Сондықтан, қандай ел болса да алдымен өз адамдарының денсаулығын бірінші кезектегі стратегиялық маңызы зор мәселе ретінде қарастырады. Біздің елімізде де осы салаға қыруар қаржы бөлінеді, бірақ одан шығар нәтиже көңіл көншітпейді. Here?..

сына қызмет ауыстырған. Қазір бұл іс бойынша арнайы жұмыс комиссиясы құрылып, Әнуар Аманов уақытша қызметінен шеттетілген. Мұндай жағдайлардың жиі кездесетінін дәрігерлердің өздері де жасырмай отыр. Денсаулық сақтау саласының білгірлері қазір ротация бағдарламасының аясында ауруханалар мүмкіндігінше наукастан көбірек ақша шығаруды көздейтінін ашық айтты. Ізбасқан Аймағанбетов, Денсаулық сақтау ісінің үздігі: — Ауырған адамға пайдасы тиетін дәрілерді жазып беру керек. Сосын оның тағы бір кемшілігі бар. Бұрын дәріхананың барлығы үкіметке қарады ғой, ал қазір барлығы жекеменшік. Сосын

кемеге «шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық кәсіпорын» деген «құйрықты» кім жалғап жіберген? Онсыз да жанын қоярға жер таппай келген науқастардың мұны оқығанда түсіну үшін шақшадай басы шарадай болары сөзсіз. Адам түсініп болмас атауы өз алдына, оған қоса мемлекеттік медициналық мекемені сауда-саттық орнына айналдыруға жол ашып тұрған жоқ па? Былайша айтқанда қандай қосымша шаруашылық жүргіземін десе дерікті. Демек, дәрігерлердің дәрі-дәрмекті сатып, қызметін ақылы етіп жартылай бизнесменге айналуына алдымен өзіміз кінәліміз, мемлекеттік қызмет пен коммер-

сау қазір тек қана ақылы қызметке айналған. Ақша бермесеңіз хирургртер қолына пышағын алмайды. Сонда олар негізгі қызметі үшін айлық алмайтын болғаны ма? Ал заң бойынша бұл қызмет тегін көрсетілуі керек. Сол сияқты, зертханаларда да ақша талап етеді. «Біз де ондай құрылғылар жоқ» деп басқа бір, көбінесе жекеменшік мекемелерге жібереді. Оған бәрған соң міндетті түрде ақша төлейсіз. Бізде кейбір жекелеген ауру түрін емдейтін дәрігерлер жетіспейді. Бұл жерде де өзгелердің қызметіне жүгініп тағы да ақша төлейсіз. Ал сол медициналық құрал-жабдықтар мемлекеттің яғни халықтың ақшасына сатып алынған жоқ па?

кеткен-ді. Шекара асқан алаяқпен бірге медициналық сақтандыру қорындағы 150 миллион теңге де құмға сінген судай жоқ болды. Ол кезде 150 млн. теңге қомақты қаржы есептелетін.

Ашығын айтсақ, бұл жаза-жаза әбден жауыр болған тақырып. Бірақ, бұған қайта-қайта оралмаса тағы да болмайды, маңызды саланы меңдеген «сырқат» соған мәжбүрлейді. Мыңдаған адамдар дұрыс емделуде мүмкіндігі болмай жарық дүниеге көпашып жатыр. Оның себептерін шарташылар мен мамандар жылдар бойы айтып та, көрсетіп те келеді. Сала басшысын ауыстыру керек, бюджеттен көбірек қаржы бөліп, дәрігерлердің жалақысын көтеру қажет деген ұсыныстар жиі айтылады. «Біздегі осы саланы қаржыландыру көлемі артта қалған Африка елдерінен аса қойған жоқ», — деп сиымсыз салыстырулар арқылы ауырсын айтқандар да бар. Әрине, маңызды саланы шөміштен қыспай лайықты қаржыландыру керек, дәрігерлерді материалдық ынталандыру арқылы лайықты жағдай жасағанымыз құптарлық ұсыныс, оған ешкімнің қарсылығы жоқ. Бірақ, біздегі тәжірибе көрсетіп отырғандай қанша қаржы көп бөлінсе оны ұрлау да сонша өсетінін ұмытпағанымыз жөн. Министрді ауыстырғаннан жағдай жөнделетін болса басшысы екі жылға жетпей көпшіліктің талабы бойынша қызметінен кететін біздің білім саласы әлдеқашан әлемде бірінші орынға шығар еді ғой. Ұсыныс айтушылардың медицина саласын қайткен күнде де сауықтыру керек деген ниеттері дұрыс, бірақ біз мәселенің түп-төркініне бойлай алмай, бергі бетінде қалқып жүрміз «сырқаттың» негізгі диагнозын қоя алмай жатырмыз. Ауруын дұрыс анықтамасақ, оны емдей де алмаймыз.

Елімізде жылдар бойы орын алып келе жатқан мына бір жағдайға назар аударып көрелікші. Айталық, қала немесе облыс әкімі ауысып, жаңа басшы келді делік. Бір ай өтпей жатып орынбасарлар мен қаладағы медицина, білім және басқа да сала басшыларын ауыстыру басталады, дәлірек айтсақ әкім өз адамдарын тағайындайды. Сонда бұрыннан істеп келе жатқан, саланы жап-жақсы басқарып келе жатқан маманның кенеттен жарамсыз болып қалғаны ма? Әрине, жоқ. Тағы да сол — туыстық, тамыртаныстық, паракорлық пиғылды көреміз. Туыстық балғиен немесе пара беріп орналасқан басшы ешқашан дұрыс жұмыс істемейді, жемқорлыққа салынады. Тіпті бір саланы басқарған адам, мамандығына үш қайнаса сорпасы қосылмайтын өзге бір салаға министр бола салады. Миллиардтап жесе де оған от та жоқ, сот та жоқ. Жоғары жақтан бір қонырау шалынса сот залынан босатып жібереді. Біздің жоғары биліктің өзі осындай үлгі көрсетіп отырған жоқ па? Ал одан кейін төмендегі түрлі саладағы басшыларға кінә артудың өзі артық. «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» дейді халықтаналығы. Демек, еліміздегі биліктің ішкі саяси ойындарының әсері денсаулық сақтау саласына да өз салқынын тигізіп отыр деген сөз. Ұлттың саулығын ойласақ денсаулық сақтау саласының өзін алдымен сауықтыру қажет. Ол үшін биліктегі созылмалы «сырқатты» бірінші кезекте емдеу керек...

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН ҚАЛАЙ САУЫҚТЫРАМЫЗ?

Алдымен мынаған назар аударалық: Қазақстан Конституциясы, 29-бап.

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар.

2. Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы.

3. Мемлекеттік және жеке меншік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ, жеке медициналық практикамен айналысушы адамдардан ақылы медициналық жәрдем алу заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі.

Атазанымыздағы ұлтымыздың денсаулығын сақтауға қатысты тайға таңба басқандай анық жазылған ең басты ережесін назарларыңызға арнайы ұсынып отырмыз. Енді оқырмандарымызға бір сұрақ: — Біздің медицина саласы осы заң бабындағы үш тармақтың қайсысын нақты орындап жатыр?.. Дұрыс айтаса, соңғы үшінші тармақты. Соған қарағанда алдыңғы екі тармақтың оларға мүлдем қатысы жоқ сияқты.

«Науқастардың қалтасын қағуға үйреткен бас дәрігердің кім екені анықталды Қалтасын қақпай, науқасты емдеудің қажеті жоқ! Еліміздегі емдеу мекемелерінің бірінде басшы өз қызметкерлерін осылай үйретіп жүр. Видео-сы әлеуметтік желілерде тарап, аты шыққан Алматыдағы №7 клиникалық аурухананың бас дәрігері екен. 26.01.2017 (КТК)

— Для этого вам нужны платные больницы. Человечека, который больше на аппендэктомю, нужно полностью «прокрутить». Ставьте черепно-мозговую травму — вытащить из анамнеза, от-править на КТ, на консультацию невропатолога и так далее и тому подобное. Крутите больных! — Желіде енді тараған жазба 2015 жылы №4 ауруханада жасалыпты. Қол астындағы қызметкерлерге мүмкіндігінше науқасқа түрлі анализдерді тағайындауға кеңес беріп жатқан Әнуар Аманов сол кезде басшы болған. Бас дәрігер бір апта ішінде науқастардан түскен ақшаға көңілі толмай, жиналыс ашып қарамағындағыларды сөгіп жатқан сыңайлы. Аманов одан кейін Алматының №7 аурухана-


кейбір дәрігерлер рецепт жазғанда белгілі дәріханадан сатып ал деп айтады. Сыбайластық бар «КТК» телеарнасында 2017-жылы беріліп елімізде үлкен шу тудырған оқиғаға байланысты осы қысқа хабарды да арнайы үтір, нүктесіне тиіспей толықтай ұсынып отырмыз. Бұған қарап қандай ой айтуға болады?

Қазір атышулы бас дәрігердің қайда екенін білмейміз. Ашығын айтсақ, бұл жерде мәселе бір ғана бас дәрігерде емес, мұндай жағдайды біздегі көптеген емдеу мекемелерінен күнделікті кездестіре аласыз. Яғни, олар заң бойынша халыққа лайықты тегін медициналық қызмет көрсетуге тиісті мемлекеттік мекеменің жұмысын коммерциялық бағытқа бұрып алғанын байқаймыз. Мемлекет тарапынан бюджеттік миллиардтаған қомақты қаржыны алып отырса да қосымша пайда табудың ізіне түсіп алғаны көрініп тұр.

Зандағы баптың үшінші тармағы екіұшты ойды білдіреді, мемлекеттік мекемеден ақылы қызмет алуға болатынын айтады. Онысы алдында айтылған ережеге қайшы келіп тұр. Мысалы сіз қаладағы кез келген емханаға барыңызшы. Ғимаратқа кірмесе бұрын маңдайшасындағы қызметкер назар аударыңыз. Айталық, Алматыдағы «Ұлжан» шағын ауданында орналасқан емхананың атауын барып көріңіз. Онда «АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ШАРУА-ШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫ-ҒЫНДАҒЫ «№23 ҚАЛАЛЫҚ ЕМХАНА» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ» - деп жазылған. Қаладағы барлық емханалардан осындай атауды көресіз. Аты айкайлап тұрғандай шаруашылық жүргізу құқығы бар, коммуналдық кәсіпорын. Біріншіден, атауды түсініксіз, анығы қоғамдық денсаулық бақармасы емес, «қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» болуы керек. Өйткені негізгі қызметі етік тігу емес, халықтың денсаулығын сақтау болып табылады. Оған қоса бұл саланы басқаратын да Денсаулық сақтау министрлігі емес пе?! Екіншіден, ұлт үшін ең негізгі мәселе болып табылатын денсаулық сақтау саласындағы медициналық ме-

цияны қосып ботқа жасап отырмыз. Мысалы, біздегі заңдар бойынша мемлекеттік қызметкерлер бизнеспен немесе басқа да коммерциялық жұмыстармен айналысуға құқығы жоқ. Ал, мемлекеттік мекемеге неге ондай мүмкіндік берілген? Ондағы істейтіндер де мемлекеттік қызметкерлер емес пе? Алдында айтқанымыздай бұл салаға аз қаржы бөлініп жатқан жоқ. Мысалы, жақында ғана 2020 жылы Қазақстанның денсаулық сақтау саласына 1,5 трлн. теңге бөлінетінін қаржы министрлінің бірінші орынбасары Мерік Шолпанқұлов Парламент Сенатында айтқан болатын. Сонда бұл қандай мұқтаждық? Өйткені бюджеттен бөлінген қаржыны өз мақсатында, ұқыпты түрде жұмсау бізде атымен жоқ, жоғарыдан төменге жеткенше жоллай тоналады. Бұл бір ғана медицина қызметіне қатысты емес, біздегі барлық салада орын алып жатқан жағдай. Оған әртүрлі салалардағы топ-тобымен жемқорлық үшін тұтқындалып жатқан лауазымдылар нақты дәлел. Оның шексіз тізімін келтірмесек те өздеріңіз жақсы білесіздер.

Адамның өміріне тікелей қатысы бар бұл саланың жауапкершілігі өзгелерге қарағанда анағұрлым жоғары. Сондықтан, әлемде дәрігерлердің науқастарға адал қызмет етуі үшін медицинаның атасы болып саналатын Гиппократ антын қабылдауы да осыны көрсетеді. Ал бізде бұрыннан тәжірибемізге болған өз ісіне деген адалдық анты айдала қалғанын аңғарамыз. Бұл саланы бизнеске айналдырып алғанын байқау қиын емес. Мысалы, кез келген ота жа-



«АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ: БҮГІНГІ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕККЕ КӨЗҚАРАС»

«Ақ жол» партиясының Қарағанды облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Алаш қозғалысы: бүгінгі және келешекке көзқарас» атты ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Ғылыми-тәжірибелік конференцияға «Ақ жол» партиясының Қарағанды және Ақмола облыстық филиалдарының төрағалары Ермек Әбілдин, Бақыт Смағұл, тарих саласындағы ғалымдар, партия мүшелері қатысты.

Конференциядағы баяндама негізінде, қатысушылардың пікір ұсыныстарын ескере отырып, Қарағанды өңірінде «Алаш» қозғалысы жетекшілерінің есімін ұлықтау, рухани мұрасын зерделеу, насихаттау, өскелең ұрпақтың санасына сіңіру мақсатында мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардан саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени, ағартушылық аспектілер қамтылған кешенді шаралар бағдарламасын жасақтауды, жүзеге асыруды талап етілуі жарияланды.

Бұл кешенді шара Қарағанды өңірінде жанадан мәдени-рухани нысандардың

пайда болуына, сөйтіп өңірдің туристік, экономикалық, мәдени-рухани әлеуетінің артуына алып келмек.

Осы жобаның бастамасы ретінде келесі шараларды жүзеге асыру қажет деген шешім қабылданды:

1) Биыл Тәуелсіздік күні қарсаңында Қарағанды қаласының Октябрь ауданы Әлихан Бөкейхан есімін беруді қажет деп санаймыз. Бұл ұлт көсемінің еңбегін елеудегі тарихи әділдіктің бір көрінісі болмақ.

2) Қарағанды қаласы – Алаш қайраткерлерінің бір шоғыры шыққан киелі өңір. Келесі жылы Алаш идеясы қазақ автономиясының құрылғанына 100 жыл толады. Осы айтулы оқиғаға орайластырып, Алаш көсемі Әлихан Бөкейханға, Әлімхан Ермековке, Жақып Ақпаевқа Қарағанды қаласында ескерткіштер орнату.



3) Әлихан Бөкейханнның өнегелі өмірін үлгі ету мақсатында оның туған жері, қайраткерлік ғұмыр жолы жалғасқан тарихи орындарда қамтитын «Әлихан және Әлімханнның жолы» тарихи-танымдық экспедициясын ұйымдастыру.

4) Әлихан Бөкейханнның өмірі мен қайраткерлік қызметін кеңінен насихаттау мақсатында облыстық тарихи-өлкетану музейі жанынан 2020 жылы арнайы бұрыш ашу және жақын арада Алаш көсемдеріне арнайы мұражай ашуды қамтамасыз ету.

5) Алаш көсемі Әлихан Нұрмағамбетұлы Бөкейханнның есімін өскелең ұрпақ жадында мәңгіге қалдыру мақсатында орта, арнаулы және жоғары оқу орындарында «Әлихан тағылымы» атты тарихи – танымдық шаралар өткізу.

6) Алаш қайраткерлері идеясын жан-жақты насихаттау мен зерделеуге ерекше үлес қосқан журналистер мен тарихшылар арасында «Алаш ақиқаты» атты шығармашылық байқауын ұйымдастыру.

7) Қарағанды политехникалық университетіне Әлімхан Ермековтың атын беру ұсынылды.

МЕМЛЕКЕТТІК ХОЛДИНГТЕРДІҢ БЮДЖЕТКЕ ҚОСАР ҮЛЕСІН ҰЛҒАЙТУ КЕРЕК

«Ақ жол» депутаттары мемлекеттік холдингтардың табыс дивидендінің бюджетке аударымын әлдеқайда ұлғайтуды талап етеді – бұл туралы Азат Перуашев 2020–2022 жылдарға арналған республикалық бюджетті талқылау барысында мәлімдеді.

«Бюджетті толтырудың сүбелі резервін Самұрық-Қазына» әлауқат қоры, «Бәйтерек», «Қазагро» сынды мемлекеттік холдинг пен ұлттық компаниялардың табысынан көруге болады», – деп атап көрсетті партия жетекшісі.

Егер республикалық мемлекеттік кәсіпорындар бюджетке дивиденд есебінен 50%-ға дейін табысын бөліп отырса, аталмыш мега-субъектілер үшін мүлдем бөлек параметрлер белгіленген.

Мысалы, 2018 жылғы таза табыс көлемі «Самұрық-Қазынада» 821 млрд. теңге болса, «Бәйтерек» холдингінікі 80 млрд. теңгені құраған. Субъектілердің ел экономикасының 60%-н құрап отырғанына және оның көп бөлігі дәл осы бюджеттен келетініне қарамастан, олардың жыл соңындағы мемлекет пакет акциялары дивиденді 19 млрд. теңге, яғни, табыстың 2%-ын ғана құраған.

Таяуда Үкіметтің бюджетті

нақтылау барысында аталмыш дивидендтердің 50 млрд. теңгеге өсуі қуантарлық дүние. Соның өзінде бұл мемлекеттік холдингтердің таза табысының 10% ғана құрайды.

«Осыған орай, «Ақ жол» партиясы орын алған мәселені қайта қарап, квази мемлекеттік сектордың бюджетке бөлінетін дивидендін ұлғайтуды міндеттеуді сұраймын», – деді Перуашев.

Партия депутаттары мемлекеттің азаматтарға жан-жақты әлеуметтік қолдау көрсетіп жатқан кезінде, бюджетке кірісті квази мемлекеттік сектор тарапынан ұлғайту керек деп есептейді.

«КҮНДЕЛІК» ҚОСЫМШАСЫН УАҚЫТША ТОҚТАТУ ҰСЫНЫЛДЫ

«Ақ жол» партиясының депутаты Кеңес Абсатиров вице-премьер Бердібек Сапарбаевқа «Күнделік» қосымшасында ақаулардың болуына байланысты оны уақытша тоқтату жөніндегі депутаттық сауалын жолдады.

Бұл «Ақ жол» фракциясының аталмыш ақпараттық қосымшаға байланысты жіберген алғашқы сауалы емес екенін айтып өту керек. Фракцияға келіп түскен сайлаушылардың шағымына (23 қазандағы) қарағанда, мәселенің әлі де шешілмегенін көреміз.

«Токсан аяғында мұғалімдер оқушылардың қорытынды бағасын қоюы шарт. Ал, Білім және ғылым министрлігінің «Күнделік» электронды журналын уақытылы толтыру жөніндегі талабын сайттағы ақаулардың кесірінен орындау мүмкін болмай жатыр. Ведомствода мұғалімдердің «Күнделікті» бір уақытта толтырғанда сайттың қатып қалатынын ескермеген болуы керек», – делінеді сауалда.

«Егер жүйе мұндай салмақты көтере алмайтын болса, онда оны еліміздің әрбір түкпір-түкпіріне енгізудің қажеті не? Әрі бұл мәселе жыл сайын көтеріледі!»

Еліміздегі 700-дей мектепте интернет әлсіз, ал 100 шақты мектеп ғаламторға мүлдем қосылмаған. «Күнделік» порталындағы ақауларға байланысты мұғалімдер оны түнгі уақытта толтыруға мәжбүр. Ауыл мұғалімдері болса, интернеттің жоқтығынан аудан орталықтарына барып, не «Күнделікті» қаладағы туыс-туғандары арқылы телефонмен толтыруда.

Жүйе 500 сұраудан кейін тоқтап қалып жатыр. Елімізде 2 млн. 800 мың оқушы бар десек, әрбір минут сайын сайтқа екі мың сұраным түседі. Яғни, теориялық тұрғыда жүйенің толыққанды жұмыс істеуге қауһарсыз екенін айтуға болады», – деді Кеңес Ғапарұлы.

Депутатты, сондай-ақ, қосымшада күмән туғызар жарнаманың орнатылуы алаңдатады. Мысалы, 20 қазан күні, қосымшада емтихан тапсыруға арналған христиандық дұғаның, Інжілдің, иконалардың және т.б. діни атрибутиканың жарнамасы тұрған.

«Ақ жол» діни насихаттың да, оқу процесіндегі кез келген жарнаманың да «Білім беру туралы» Заңына қайшы келетініне сенімді. Егер бұл хакерлердің әрекеті болса, бұл факт, қосымшаның әлсіз екенін қайта дәлелдейді. Онда оқушылардың партиясының 2019 жылғы 11 сәуір мен 2019 жылғы 30 қаңтарында жолдаған сауалдарында көтерілген – біздің балаларымыздың жеке мәліметтерін қорғау мәселесін көрсетеді.

«Ақ жол» партиясы жоғарыда айтылған мәселелерді ескере отырып, еліміздегі барлық мектеп интернетке қосылмайынша, «Күнделік» қосымшасын міндетті пайдалану талабын шегере тұруды сұрайды. Осы аралықта жүйені қауіпсіздік және ақауды жөндеу тұрғысынан жетілдіру керектігін де айтты.

ЖАСТАР КӨРЕРМЕНДЕРІН РИЗА ЕТТІ

Маңғыстау облыстық Дін істері басқармасының тапсырысымен, «Асар» ақпараттық-талдау орталығының қолдауымен, «Ақ жол» партиясының Маңғыстау облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Ақ жол-жастар» қанатының әуесқой әртістері драматург, ұстаз Өтен Ахметтің «Ананың ақ сүті» атты қойылымымен Ақтау қаласындағы білім ордаларына жоспарлы гастролдік сапарын өткізді.



Койылым қыркүйек айының аяғында кәсіптік білім беру мекемелерінің сахнасында көрсетілді.

Койылымда шешесінің есі жоқтығына көніп, төзе білген сенімді ұлдың анаға деген мейірімі, әр домсыз келіннің аяқайы, діни сауатсыздықтың құрбаны болып, жат ағым жетегінде кеткен жігіттің қатыгездігі әрбір көрерменнің жүрегіне жылу сыйлады. Қойылымда жат ағым жетегінде кетпеудің дара жолын, адамгершілік қасиеттерден қол үзбеу керектігін, отбасы мен дәстүрлі діннен және діни сауатсыздықтың құрбаны болған қазақ жастарының тағдырын, бір

ғана отбасындағы жағдай арқылы қоғамдағы трагедиясы көрсетілді.

– Маңғыстау облыстық Дін істері басқармасы мен «Ақ жол» жастарының бірігіп өткізген спектаклі «Келешек» колледжі студенттеріне көрсетілді. Спектаклден мен өзім жақсы әсер алдым. Мұның жастарға берері мол. Өйткені, түрлі діни ағымдар арасында жүрген жастарымыз көп. Солардың әрбіріне сабақ болар танымы терең дүние ұсынылды.

Студенттер қойылым барысында ерекше әсерге бөленіп, көз жастарына ерік беріп жатты. Сондықтан, сіздерге айтар алғысымыз зор. Осындай өскелең ұрпаққа ой саларлық туындыларды жастардың назарына жиі ұсынып, олардың көкірек көздерін ашуға мұрындық бола беріңіздер. Осы бағыттағы

жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін, – деп өзінің жүректарды лебізін жеткізді Маңғыстау қосалалы «Келешек» колледжінің психологы Бағлан Төлеуғалиева.

Көрермен көзайымына айналған мұндай қойылымдар жастардың күн-түн демей атқарған еңбектерінің нәтижесіне сізге арқылы өзекті мәселелерді сахна арқылы қозғап, өздері тәрбиелене жүріп, өз замандастарын да жақсылыққа бағыттап, зұлымдықты жою жолында үлес қосып жүрген жастардың бұл еңбегіне көрермендер жоғары баға берді. «Ақ жол-жастар» қанаты болашақта да осындай игі істердің жаршысы бола бермек.

«Ақ жол» партиясының Маңғыстау облыстық филиалы

«Ақ жол» партиясының баспасөз қызметі

30-қазан күнгі сот отырысында бірінші болып сот тергеуіне жауап берген куә Асылжан Өмірбекұлы Жампозов Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюро қызметкерлері жүргізген тергеу кезінде жазылған хаттамалардың төртеуінің үшеуін, беттестіру жайлы жазылғандарды мойындамайтынын, оның бәрі тергеушілердің өздері ойдан құрастырып жазғандығын, бұған тергеушілер тарапынан қысым жасалғанын және хаттаманың бәрін бұған вацаппен жіберіп, «кейін сотқа барғанда былай-былай деп айтып бересің, жаттап ал» деп айтқандарын, ол хаттамаларды оқығаннан кейін сотқа келуге қорқып, келмегенін», — айтып берді.



Абзал ҚҰСПАН:

ИСЛАМ ӘБИШЕВ АҚТАЛДЫ!

СОТ АҚТАР-АҚТАМАС, ҚОҒАМ АЛДЫНДА АҚ ЕКЕНІН ДӘЛЕЛДЕДІ

Тергеушілердің бұл секілді әрекеті қылмыстық кодекстің «азаптау» деп аталатын бөліміндегі 146-бабында көрсетілген. Куәәкесі өмірден өтіп кеткенін, шешесі екеуі қалғанын, әйелімен ажырасқанын, үлкен баласы өзімен бірге тұратынын, ең алдымен соның өмірі үшін қауіптенетінін айтты. Айыпталушы жақ «арандату азамат Шәймерденов дегеннің бұрын қаржы полициясында жұмыс істеген адам екенін, ол салада жұмыс істейтін таныстары көп екенін, «мен сені полицияға жұмысқа кірізейін, айына 450-500 мың жалақы алатын боласын» деп айтқанын, Жәрдем есімді полицияның жедел өкілі вацаппа «вуйди, поговорим как мужик с мужиком» деп айтқанын, оның бәрі ұялы телефонда тұрғанын, ал, бұл сол сөздің бәрін скрин-шотқа (суретке) түсіріп алғанын, оларды қағазға шығарып, өзімен бірге осы сот отырысына алып келгенін жағдаятты. Бұндай қысым болған кезінде куәден куәден кезінде көрсеткен куәлік сөзінің бәрінің іске жарамай қалатынын, оларды дәлел ретінде енді қабылдауға болмайтыны бәрімізге белгілі. Судья ол «телефоныңыз қайда?» деп сұрағанда, куә «телефонным төменде, құрағандардың қысымы сактау жәшігінде», — деді. Ислам Әбішевтің қорғаушылары судьяға «сол телефонды алдыртыңыз» деп өтініш айтты.

Дәл осы кезде сот хатшысы «бейнежазу жүйесі белгісіз себептермен жұмыс істемей қалды» деп хабарлады. Судья «олай болса жүйені мамандар жөндеп, қалыпқа келтіргенше он минутқа үзіліс жариялаймын, сот тергеуін содан кейін әрмен қарай жалғастырамыз», — деді.

Үзіліс бітті-ау деп залға жиылған көпшілікке сот хатшысы «бейнежазу жүйесін жөндеу қиын болып жатыр, сондықтан үзіліс!» десе бола ма... Қорғаушылар шу ете қалды: « — Сіз кімсіз үзіліс жариялайтын? Олай етуге сіздің хақыңыз жоқ! Үзіліс жариялауға тек судьяның хақысы бар, шақырыңыз, судья келсін, өзі хабарласың!»

Асылайша, судья келгенге дейін пайда болған үзілісте айыпталушы Ислам Әбішев ақпарат құралдарының өкілдеріне арнап мынадай мәлімдеме жасады:

— Құрметті халайық! Бұл куә — айыпталушы жақтың емес, айыпталушы жақтың әкелген куәсі! Ол Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының қызметкерлерінің әрекеттері қандай болғанын ашып, көрсетіп берді. Мен 1 триллион теңгені үнемдеймін деп екі абзал азаматман — екі әріптесімнен, екі қарамағымдағы қызметкерімнен, екі досымнан айрылдым. Олар мемлекеттің осы триллион теңге қаржысын үнемдеу үстінде айрықша еңбек етіп, маған бәрінша көмек көрсеткен білікті мамандарым еді. Соның біреуі — осы жігіттің әкесі Өмірбек Жампозов болатын. Ол өтірік, жала айыптауларға шыдай алмай, жазықсыздан жазықсыз түрме азабын шеккенімше деп өзін-өзі құрбандыққа қиды. Сол құрбандығы арқылы қоғамның назарын құқық қорғау органдары тарапынан болып жатқан бассыздыққа, нағыз заңсыздыққа аударғысы келді. Дәл осындай жағдайда, Жампозовтың қазасынан кейін алты ай өткенде қорлауға, жалаға шыдамаған Алматы су шаруашылығының директоры Сейілхан Мұхамдиев те өмірден өтті. Олардың екеуі де менің жасымадағы азаматтар болатын. Ендігі «кезек» — менікі... Халық қасынасына түрде жоғалған машинаның қалай жұмыс істейтінін бүгін өздеріңіз көріп отырсыздар. Мен өмірден өтсем, біз сияқтылардың қатары бітетін де шығар...

Және тағы бір менің жанымды аяздай қарып, арқама аяусыз батып отырған жағдай — ол екі азамат өлгенмен де олардың ісі ақталмаған күйі қалды. Олар өздерінің адал екендігін көрсету үшін, тек соны дәлелдеу үшін, басқаша дәлелдей алатын амалы қалмаған соң өздерінің өмірін қиып отырса да оларды ақтаған жоқ...

Мен мына Асылжанның тергеуде берген түсініктерін оқып таң қалған едім. Айран-асыр болып, өз көзіме өзім сенбеген едім. Әлі күнге дейін қалайша маған жала жабуға барды деп, сене алмай жүрген болатынмын. Өйткені, оның әкесі өмірден кетерінің алдында соңғы хатын өзінің отбасы мен маған арнап жазып қалған болатын. Мен сондықтан, сене алмай жүрген едім. Міне, бүгін оның неге олай деп айтқандарының сыры ашылды... Ақиқат жарыққа шықты!

Осы соттың болғаны жақсы болды. Соттың несі жақсы дейсіздер ғой. Жақсы болатын себебі, кімнің кім екені белгілі болып жатыр, адамдардың бетіндегі бет емес, жамылғып жүрген бетперделер жырттылып, ар жағындағы шынайы, сұмпайы түрлері көрініп жатыр. Мейлі, маған он жыл берер, он бес жыл берер, Жампозовтың ісімен, Мұхамдиевтің ісімен өткендердің бәріне де пәлен жылдан берді ғой, мен солардан артық

қызметкерлерінің ешқайсысын куә Жампозовтың жанына жақын жерге келе алмайтын болсын деп қаулы қабылдауыңызды сұраймын». Судья Ұлттық бюро қызметкерлеріне қатысты қаулы қабылдаймын, қабылдамаймын деп ешнәрсе айтпады, тек «куәден жауап алып бітпегеніміз себепті сот приставы үзіліс кезінде куә Жампозовтың қасында болсын, тамаққа да бірге баратын болсын» деп шешім шығарды.

миіс. Ар жағында тергеу жүргізілуі тиіс. Міндетті түрде! Өйткені, айыптаушы жақтың куәсінің айыпталушы жақтың пайдасына сөйлеуі — сенсация.

Біз енді Жампозовтың бұрын тергеудегі жауабының төрт хаттамасын жарамсыз деп қабылдау туралы және Ұлттық бюро қызметкерлерінің үстінен қылмыстық іс қозғау жайлы өтініш-хат береміз. Егер осы екі өтінішіміз қабылданбайтын болса, судья Қ.Мекемтасқа сотты жүргізуіне толық қарсылық (отвод) білдіреміз. Өйткені, мына жағдайдан кейін сотталушыларда ақтаудан басқа істейтін іс қалған жоқ. Бүгін Ислам Әбішев пен Серік Түкеев соттың қаулысымен ақталмай қалса да, қоғам алдында толық ақталды деп есептеймін!

Үзілістен кейін сот тергеуі қайта жалғасты. Прокурор неше түрлі китүрқы сұрақ қоюын жалғастыра түсті. Мысалы, оның бір эпизодқа қатысты «прокурордың сұрағына жауап жоқ» деп айтқаныңыз деген сөзін қорғаушы Е.Мәкенов сөз алып, куә «мен бұл сұраққа тергеу кезінде жауап бергенмін, бірақ, неге екенін білмеймін, ол жауап хаттамада жоқ» деп тұр» деп түзетті. Судья онымен келісті-дағы, прокурорға «сұрағыңызды нақтылап қойыңыз» деп ескертті.

Бұдан соң сот тергеуі кезінде куә қолындағы скриншот жасалған қағаздарды сот құжаттарына тіркеуге берді. Куә сондай-ақ, осы сотқа шақыруды телефоннан хабарлама алғанымен келмей жүргеннен кейін Жәрдем есімді жедел өкілі сотқа судья Қ.Мекемтастың аты жазылған шақыру қағазының өзіннің інісіне біреуін, анасына екіншісін апарып бергенін, оны алған анасы қорқып, ауырып қалғанын айтты. Сотқа шақыру қағазының көшірмесі де сот құжаттарының ішіне тіркелетін болды. Ислам Әбішев куәге шын сөзін айтқаны үшін алғыс білдірді.

Бұдан соң сөйлеген «Қазбайлық-Астана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы куә Төлегенов жауап берді. Ол 2018 жылы жазда Су ресурстары комитеті жариялаған тендерге қатысып, оны ұтып алғанын, шарт жасасқанын айтты. Өздерімен бірге консорциум құрған компания өкілі Макишев дегеннің 2019 жылдың басынан 2019 наурызына дейін бірнеше рет Су ресурстары комитетіне шартта жасалған соманың 3-4 пайызы жәлемінде пара берулері керектігі жөнінде бірнеше рет сөз қозғағанын, бірақ, параның кімге беруде ешкімнің фамилиясын атамағанын, бас кезінде оған «бұндай сөз қозғау ұят қой» дегенін, кейін ең соңында ұрсып бергені жөнінде әңгімелеп берді. Соның алдында оған «сізді Макишев сыртыңыздан не деп атайтынын білесіз бе?» деп сұрақ қойғанда «жоқ, білмеймін» деген жауаптан соң «білмесеніз, «лох» деп атайды», — деген Ислам Әбішев осы кезде: «Макишекті ұялтудың, ұрысудың орнына бірақ ұрмандықпен, ұрғаныңызда ол менің үстімнен жалған арыз беріп, арандатуға бармас еді, сонда мен мына жерде отырмас едім» деген репликасына Төлегенов «я же «лох», сондықтан, ұрмаған шығармын...», — деді. Жиылған жұрт ду күлді. Трагикомедия деген осы...

Сот тергеуі 31-қазанда жалғасады.

Әлмәмбет ӘЗИЗҰЛЫ



емеспін. Мен аман болып, жер басып жүрсем, ерте ме, кеш пе, Жампозов пен Мұхамдиевтің ақталуына бәрібір қол жеткізем. Соңна дейін соғысам, бәрібір, қол жеткізем, жетпей тоқтамаймын..!

Бұдан соң қорғаушы Марат Түкеев сотқа қатысушылардың назарын бүгінгі жағдайға тағы аударды: «Куәлер айыпталушы жақтың пайдасына сөйлеп жатқан кейде біреу әдейі істен отырғандай бейнежазу жүйесінің істен шығып қала қоятыны қалай? Бұл бірінші рет болып отырған жоқ қой? Өткенде Құнанбай Шындәулетов те осылай айыпталушы жақтың пайдасына сөйлей бастаған кезде бұл жүйе істен шығып қалған болатын».

Біраздан кейін судья келді. Сағат 15-ке дейін үзіліс жариялайтынын айтты. Сол кезде қорғаушы Абзал Құспан сөз сұрады: «Құрметті сот! Бұл куә — жай, қатардағы көп куәнің бірі емес, айыптаушы жақтың ең басты куәсі! Сөзін өзіңіз де тыңдадыңыз, тергеу кезінде сөзіңізден тыңдадыңыз, толығымен бас тартты. Екіншіден, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының қызметкерлері тергеу кезінде өзіне қысым жасағаны жайлы мәлімдеме жасады. Енді, құрметті сот, сіз мынадай жағдайдан кейін куә Жампозовтың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты шаралар қабылдауыңызды сұранамыз. Сонымен қатар, Ұлттық бюро

Сотқа қатысушылардың арасында А.Жампозовтың ағасы да отыр екен, «біз тамақтануға көшеге шығып, асхана іздемейміз, осы ғимараттың ішінде боламыз, мен ақша берейін, сот приставы дүкеннен алып келсін» деп өтініш жасады, ол өтініш қанағаттандырылды.

Үзіліс кезінде қорғаушы Абзал Құспан біздің «бүгінгі соттағы болып жатқан оқиғаларды қысқаша қорытып жіберіңізші» деген өтінішімізге былай деп жауап берді:

— Мен судьяның орнында болсам, мына сотталушы екі азаматты дәл бүгін босатып жіберер едім. Неге? Асылжан Жампозов бұл істегі ең басты, ең негізгі куә, одан артық куә жоқ. Міне, дәл осылай жазыңыз! Себебі, ол тергеуде Қаныбек Әбішевке қарсы, Құнанбай Шындәулетовке қарсы, Ислам Әбішевке қарсы, Серік Түкеевке қарсы жауап берген адам. Одан басқа тергеу кезінде Азамат Шәймерденов пен Ұлттық бюро қызметкерлеріне қарсы қылмыстық кодекстің кем дегенде үш бабы бойынша — куәні жауап беруге мәжбүрлеу, заң таллауы бұрмалаушылық (фальсификация), т.т. қылмыстық іс қозғалуы тиіс. Судья бұл жөнінде жеке қаулы қабылдап, оны тіркеуі

Тәуелсіздіктің отыз жылдай-ын тарих еншісіне бердік. Енді саяси-әлеуметтік өмірдің жаңа кезеңіне аяқ басайық деп отырмыз. Мен бұл арада өзімнің рухыма жақын екі мәселені айтқым келіп отыр. Ол ел Президентінің мына бағыттағы тапсырмалары. Біріншіден, демократияға тереңдеп баруға қадам, халыққа бет бұруды күшейту. Билік пен халық арасындағы диалогты арттыру. Жұртшылықтың митингі мен демонстрацияға шығуына деген көзқарастар әлемдік өркениетке ұмтылу. Осымен байланысты менің айтпағым – енді жұртшылық мұндай саяси әрекеттерге шығу, ұйымдасу, парасатты келісімге келу мәдениетін де тиісті игерген жөн. Екіншіден, ұлттық құндылығымыздың өзегі қазақ тілінің дамуындағы латын графикасындағы жаңа әліпбидің өмірге енуі – бұл, шын мәнісінде, рухани жаңаруымызға жұмыс істейді.



Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылымдарының
докторы, профессор

Тіл (шын мәнісінде тілдер туралы еді, бұл заң орыс тілінде «О языках» делінген) туралы Заңда шындығына келгенде тек ұйымдастырушылық және техникалық шаралар ғана қарастырылды. Батыл құқықтың әрекетке бармадық. Ал ғасырлар қордаланған ана тілдік кеңістіктегі мәселелер бұл шаралармен тіпті шешілмейтін еді. Мысалы, Заңның «Мемлекеттің тіл жөніндегі қамқорлығы» деген арнаулы 6-бабында «Қазақстан Республикасы азаматының ана тілін қолданылуына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы бар» деумен, «Тілді құқықтық қорғау»

«Мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады» деп келгеннен кейін ары қарай «орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» дегенді қосудан алдыңғы нормалық қағида тұншықтырылды. Ал осы баптың екінші бөлігіндегі норма былай жазылды: «Мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысында мемлекеттік тіл және қажет болған жағдайда басқа тілдер қолданылады». Сөйтіп осылай Заңның 27-бабының он үшінде алдымен – мемлекеттік тілде, сонан

бермейтінімізді де айта кетсем артық көрменіздер.

Соңғы жылдары да тілдік кеңістікте қайшылықты жайлар аз болған жоқ. Өздеріңіз білетіндей, Елбасымыздың ұрпағымыз үш тілді білсін деген ұстанымынан туған «триединствоязыков» деген орыс тіліндегі сөзді «саясатшыл» аудармашылар «үш тілдің бірлігі» деп аудармай, «үш тұғырлы тіл» деп аударып, қоғамды біраз әбігерге түсірді. Елбасының ойында ұрпақтарымыз үш тілді біліп қана қоймай, сол тілдердің иесі халықтардың тарихын, мәдениеті мен әдебиетін, ғылымы мен ілімін т.б. біліп жатса, біздің қоғам өркениеттің жаңа бір са-

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮШІНШІ КЕЗЕККЕ АУЫСТЫРУ НЕ СҰМДЫҚ?

Латын әліпбиін ендірудің қысқаша айтқанда,

мынандай маңызы бар. Біріншіден, тіл тазалығы сақталмады. Екіншіден, түркі әлемінен байланыс нығайтты. Үшіншіден, ағылшын тілін меңгеру оңтайлана түседі. Төртіншіден, тіліміздің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашылады.

